

Сабақ жоспары. Қазақ әдебиеті

Сабақ: 2	Мектеп: №3 ОМ	
Уақыты:	Мұғалімнің аты-жөні: Танирбергенова А.Ж.	
Сыныбы: 8 А	Қатысқан оқушылар саны: 16	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	М.Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы	
Сабақтың мақсаты:	Поэmanın өміршеңдігін таныту, тақырыбы мен идеясын анықтау, табиғатты сүюге, өз бетінше ой қорыта білуге үйрету.	
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Поэмаданы суреттейтін детальдарды табады. ➤ Туындаған себептерді дәлелдеу. ➤ Жағымды, жағымсыз әрекеттерін ажырату. 	
Оқыту нәтижелері:	Поэmanın тақырыбы мен идеясын оқушылар өз беттерінше іздене отырып ашады, композициялық құрылысына талдау жасайды; өз ой-пікірлерін қорытындылайды, топтағы жұмысты ұйымдастыру арқылы жеке дағдылары қалыптасады.	
Дескрипторлар	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Көркемдегіш сөздерді, аққуды, табиғатты суреттейтін детальдарды табады. ➤ Поэмань басты проблемасын тауып, дәлелдер арқылы қорытындылайды. ➤ Шығарманығы жағымды, жағымсыз жақтарын ажыратады. 	
Пәнаралық байланыс	қазақ тілі, тарих, биология.	
Негізгі дереккөздер	Интерактивті тақта, слайдтар, оқулық, флипчарт, стикер, маркерлер, мақал-мәтелдер жазылған қима қағазда	
Әдіс-тәсілдер	«Плюс-минус-қызықты», «Фишбоун»	
Алдыңғы білім	«Аққулар ұйықтағанда» поэмасы	

Жоспар

Уақытты жоспарлау	Сабақ мазмұны	Дереккөздері
Басы 6 мин	<p>Психологиялық кезең. - Балалар, сабақ бастауға көңіл-күйлерін қалай? Тақтаға көз салсаңдар, адамның көңіл-күйін білдіретін суреттерді көре аласыңдар. Қазір алдарыңда жатқан стикерлерге сол суреттерге қарап, көңіл-күйлерінді көрсететін суретке өз стикерлерін жапсырады.</p> <p>Оқушылар 3 топқа бөлінеді: «Аққу», «Ана», «Табиғат».</p> <p>Видео: «Аққулар ұйықтағанда»</p> <p>Мағынаны тану сатысы Оқу мақсаты мен бағалау критерийлерін, дескрипторларды талқылау.</p>	<p>https://www.youtube.com/watch?v=wGO0S6EjdO4 Аққулар</p>

	<p>№1-сарапшы парағы. «Плюс-минус-қызықты». Жүппен. П – поэманың жағымды жақтары М – поэманың жағымсыз жақтары Қ – қызықтырған ақпарат не/се туындаған сұрақтар</p>	<p>ұйықтағанда – М.Мақатаев - Поэма - Bilim - All</p>
<p>Ортасы 34 мин</p>	<p>Оқушылар топта жұмыс жасайды. Поэма мәтіні мен тапсырма ұсынылады.</p> <p>№2-сарапшы парағы</p> <ul style="list-style-type: none"> • Шығармашылық тапсырмалар: Топпен. 1.«Аққу» тобына: <ol style="list-style-type: none"> 1. Аққудың әсемдігін білдіретін сөз жазыңдар. 2. «Ана» тобына: <ol style="list-style-type: none"> 2. Шығармадан оқ тиген аққудың мүшкіл халін суреттейтін деталдарды табыңдар. 3. «Табиғат» тобына: <ol style="list-style-type: none"> 3. Поэмада Жетімкөлдің сұлулығы қалай суреттелген? <p>Сергіту сәті. Бәйге! Бәйге! Бәйге! Бұл тапсырмада оқушылар Мұқағали туралы мәліметтерден берілген сұрақтарға 1 минут ішінде жауап беру керек.</p> <p>1 «Ана» тобына:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мұқағалидың азан шақырып қойған аты кім? - Мұқаметқали 2. Мұқағалидың әкесінің аты? - Сүлеймен 3. Ақын қай жылы дүниеге келді?- 1931ж. 9 ақпан 4. Ақынның әжесінің аты? - Тиын 5. Ақынның атасының аты? Мақатай <p>2 «Табиғат» тобына:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мұқағалидың «Фариза қыз» өлеңі кімге арналған? Фариза О. 2. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасындағы көлдің аты? Жетімкөл 3. Ақын өзінің өмірбаянын қай өлеңінде жазды?- Менің анкетам. 4. Мұқағалиға алтын қаламын сыйға тартқан кім? – Ғ. Мүсірепов 5. Мұқағали өлеңдеріне ең көп ән жазған сазгер кім? Н.Тлендиев <p>3. «Аққу» тобына:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Мұқағалидың ұлдарының аты кім? – Айбар, Жұлдыз 2. Қарасазда Мұқағали мұражайы қашан ашылды? - 5 шілде 1991 жыл 3. Мұқағалидың прозалық шығармасы – «Қош, махаббат» 4. Ақынның жарының аты - Лашын 5. Мұқағалидың қандай әндерін білесіңдер? – «Саржайлау», <p>№3-сарапшы парағы. Жеке. * Ойланайық! Аққуды атуға бола ма?</p> <p><u>«Аққу» - жақтаушы топ:</u> Аққуды атуға болмайды. Аққу - киелі құс, сұлулықтың, пәктіктің белгісі. Аққу – табиғаттың жаратылысы, бірақ өмір сүруге тиіс. Аққу – махаббат белгісі, махаббатты қорлауға болмайды. “Аққуды атпа, махаббатты сатпа” деген дана сөз бар.</p>	

«Ана» - даттаушы топ:

Аққуды атуға болады.

Баласын өлімнен сақтап қалу үшін атады.

Аққу - махаббаттың белгісі, ана мен бала арасындағы махаббаттан артық махаббат жоқ.

Ананың балаға деген махаббаты өте күшті.

Егер сол кезде аққуды атпағанда өзін өмір бақи кінәлап өтер еді.

«Табиғат» - сарапшы топ:

«Сірә, сорлы жоқ шығар менен өткен,

Құлынымның қасынан неге кеткем?

Ошақ қасы, от басы, көрмеппін ғой,

Дүние - ау, сен осындай керемет пе ең?

Ана отыр, озбыр ойлар қамалауда,

Қамалауда, әлдекім табалауда.»

Осы үзінді арқылы бәрібір шарасыз ананың жай - күйі

жанымызға қатты батқандықтан, сорлы анаға жанымыз ашыып,

жақтаушы топтың дәлелдерін дұрыс деп таптық.

№4-сарапшы парағы «Балық қаңқасы». Топпен.

1.Басына – проблема


2.Жоғары қабырға сүйектері – себептері

3.Төменгі қабырға сүйектері – дәлелдер

4.Құйрығына – қорытынды.

Аяғы

Рефлексия



Мұғалім сөзі: Балалар, адам – табиғат перзенті. Дүниеде екі ана бар: бірі – тіршіліктің анасы табиғат анасы, екіншісі адам анасы. Екеуі де мейірімді. Осы екі анаға да қаталдық көрсетуге, жанын жаралауға болмайды.

Кері байланыс:

Өз ойларын айтады.

Бағалау. «Бес саусақ» әдісі арқылы ір оқушы өз-өзін бағалайды.

Үйге тапсырма:

«Егер мен автор болсам...» оқиғаны қалай аяқтар едің?

